



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Парламент Мәжілісінің депутаттары,  
Жалпыұлттық социал-  
демократиялық партиясының  
мүшелері**

**А.Н. Рақымжановқа****Н.С. Әуесбаевқа****А.Б. Сағандықоваға****Н.С. Сайлаубайға**

2023 жылғы 5 мамырдағы № ДС-139 сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің шетелдік тіркеудегі көлікті кіргізу мәселесі бойынша депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ағымдағы жылғы 9 қаңтардағы №13 қаулысына сәйкес 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін елге әкелінген шетелдік автомобильдерді заңдастыру жүргізілуде. Ұсынылатын құжаттардың нақты тізбесі айқындалды және заңдастырылатын автомобильдерге нақты талаптар белгіленді.

Ағымдағы жылғы 23 қаңтардан 21 мамыр аралығында 123 мыңнан астам көлік құралы заңдастырылды, тағы 13 мыңнан астам автокөлік нөмір агрегаттарын салыстырып тексеруден өткеннен кейін тіркеуді күтуде, 46 мыңға жуық автомобиль сәйкестікке тексеруді күтуде (иелері алдын ала мақұлдауды алғаннан кейін қарап-тексеру пунктіне көлік құралдарын әлі берген жоқ).

Шетелдік автомобильдерді заңдастыру жұмыстары 2023 жылғы 1 шілдеге дейін жалғасатын болады.

Мемлекеттік шекара арқылы Еуразиялық экономикалық одақ (*бұдан әрі – ЕАЭО*) туралы шартқа сәйкес ЕАЭО елдерінен көлік құралдарының өткізу пункттері арқылы кіруі және шығуы жалғасуда, оған сәйкес тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың және ЕАЭО аумағындағы жұмыс күшінің қозғалыс еркіндігі қамтамасыз етілетінін атап өту қажет.

Мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері бойынша 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2023 жылғы 26 мамырға дейін ЕАЭО-ға кірмейтін елдерден жолаушылар кедендік декларациясы ресімделе отырып 99,5 мың бірлік шетелдік автокөлікті елге әкелу жүзеге асырылды, оның ішінде Өзбекстаннан,

Тәжікстаннан, Түрікменстаннан Ресейге және басқа елдерге Қазақстан аумағы арқылы транзитпен жүретіндер.

Сонымен қатар, елге шетелдік автомобильдерді заңсыз әкелудің жолын кесу мақсатында бірқатар заңнамалық шаралар қабылданды.

2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 177-VII Заңмен (2023 жылғы 12 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) «Жол жүрісі туралы» және «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңдарға, Қазақстан азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам, бастапқы тіркеуге жататындарды қоспағанда, шетелдік есепте тұрған автомобильдерге қатысты көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуға тыйым салу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Сондай-ақ, «Автомобиль көлігі туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, оған сәйкес басқа мемлекеттерде тіркелген автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына кіруіне (шеттен әкелуіне) мына жағдайларда жол берілмейді:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес автокөлік құралының халықаралық іздестіруде немесе іздеуде болуы;

2) басқа мемлекетте көлік құралын тіркеу туралы куәліктің болмауы және т.б.

Сонымен бірге, шетелдік автокөлікке қатысты бақылау тиімділігін арттыру мақсатында «Жол жүрісі туралы» Заңға көлік құралын тоқтату үшін жаңа негіз енгізу бөлігінде өзгерістер енгізуге бастамашылық етілді, бұл шетелде тіркелген автомобиль иелерінде тіркеу құжаттарының, мемлекеттік нөмірлік белгілердің, жүргізуші куәлігінің, автосақтандырудың болуын және түпнұсқалығын тексеруді қамтиды.

Аталған өзгерістер Парламент Мәжілісіндегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы шеңберінде бастамашылық етілді.

Сондай-ақ, Ішкі істер министрлігі кедендік баждар мен басқа да алымдарды төлеуді айналып өте отырып, уақытша әкелінетін шетелдік автомобильдерді заңсыз заңдастырудың жолын кесуге бағытталған алдын алу шараларын қабылдады.

Тұтастай алғанда аталған мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында және бұл бағытта жұмыс жалғасуда.

**Р. Скляр**



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Депутатам Мажилиса  
Парламента, членам Фракции  
Общенациональной  
социал-демократической партии  
Рахимжанову А.Н.  
Ауесбаеву Н.С.  
Сагандыковой А.Б.  
Сайлаубай Н.С.**

*На № ДС-139 от 5 мая 2023 года*

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев Ваш депутатский запрос относительно вопроса въезда авто с иностранной регистрацией, сообщаю следующее.

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 9 января текущего года №13 проводится легализация иностранных автомобилей, ввезенных в страну до 1 сентября 2022 года. Определен перечень предоставляемых документов и установлены требования к легализуемым автомобилям.

За период с 23 января по 21 мая текущего года легализовано более 123 тыс. транспортных средств, свыше 13 тыс. ед. автотранспорта ожидают регистрации, порядка 46 тыс. автомобилей ожидают сверки (владельцы после получения предварительного одобрения еще не предоставили транспортные средства в пункт осмотра).

Работа по легализации иностранных автомобилей будет продолжена до 1 июля т.г.

Необходимо отметить, что на сегодня через пункты пропуска государственной границы продолжается въезд и выезд транспортных средств из стран Евразийского экономического союза (далее – ЕАЭС) в соответствии с Договором о ЕАЭС, согласно которому обеспечивается свобода движения товаров, услуг, капитала и рабочей силы на территории ЕАЭС.

По сведениям органов государственных доходов с 1 сентября 2022 года по 26 мая 2023 года осуществлен въезд в страну 99,5 тыс. единиц иностранного автотранспорта из стран, не входящих в ЕАЭС, с оформлением пассажирской таможенной декларации, в том числе следующих транзитом через территорию

Казахстана в направлениях из Узбекистана, Таджикистана, Туркменистана в Россию и другие страны.

Вместе с тем, в целях ограничения нелегального ввоза в страну иностранных автомобилей были приняты ряд законодательных мер.

Так, Законом от 30 декабря 2022 года (введен в действие с 12 января 2023 года) были внесены изменения и дополнения в законы «О дорожном движении» и «Об обязательном страховании гражданско-правовой ответственности владельцев транспортных средств» в части введения запрета на заключение договора обязательного страхования ответственности владельцев транспортных средств гражданами Казахстана, а также иностранцами или лицом без гражданства, имеющими вид на жительство в Республике Казахстан, в отношении автомобилей, состоящих на иностранном учете, за исключением подлежащих первичной регистрации.

Кроме того, внесены изменения и дополнения в Закон «Об автомобильном транспорте», согласно которым не допускается въезд (ввоз) на территорию Республики Казахстан автотранспортных средств, зарегистрированных в других государствах, в случаях:

- 1) нахождения автотранспортного средства в международном розыске или в розыске в соответствии с законодательством Республики Казахстан;
- 2) отсутствия свидетельства о регистрации транспортного средства в другом государстве и др.

Вместе с тем, в целях повышения эффективности контроля в отношении иностранного автотранспорта инициировано внесение изменений в Закон «О дорожном движении» в части введения нового основания для остановки автомобилей с иностранным учетом, который предусматривает проверку наличия и подлинности регистрационных документов, государственных номерных знаков, водительского удостоверения и автострахования.

Указанные изменения инициированы в рамках проекта Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам организации дорожного движения», находящегося в Мажилисе Парламента.

Также, Министерством внутренних дел приняты превентивные меры, направленные на пресечение незаконной легализации временно возимых иностранных автомобилей в обход уплаты таможенных пошлин и других сборов.

В целом данные вопросы находятся на постоянном контроле Правительства и работа в данном направлении продолжается.

**Р. Скляр**